

## ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ Е.А.БӨКЕТОВ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (ТЕМІРҒАЛИ ӘБІЛДАҰЛЫ КӨКЕТАЙ МЫСАЛЫНДА)

Теміржан Н., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

*«Менен кейін не болатынын білмеймін, бірақ мен еккен  
дәннің біреуі ғана өз жемісін берсе, мен өзімді бақытты  
адаммын деп санар едім.»  
Е.А.Бөкетов*

XIXғ. I жартысындағы Қарағанды қаласының маңындағы табылған көмір көздері Қарағанды қаласының дамуына әкеліп соқтырды. Бұл қаланың дамуы табиғи құбылыс еді. Шахтылар мен жаңа жұмыс орындары ашылып орыс, татар халықтарының көпестерінің негізгі нысанына айналды. Сөйтіп Орталық Қазақстан аймағындағы шикізат өнеркәсібі одан әрі дами түсті. Бұл құбылыстан кейін Қарағандыдағы сауда-саттықтың дамуы аймаққа жаңа мүмкіндіктер әкелді. Мәселен Қоянды жәрмеңкесі тек сауда-саттықтың, мәдениеттің магниті ғана емес, сонымен қатар, XXғ. басындағы саяси орталықтардың біріне айналып, алғашқы Алаш қозғалысының қалыптасуына, оның әрі қарай дамуына, болашақ зиялы қауымның тәрбиеленуіне және білім алуына үлкен әсерін берді. Алғашқы мектеп, зооветтехникумдар мен педучилищелерден басталған бұл жол, кейінгі барша Қазақстан мойындаған үлкен оқу ордаларының қалыптасуына алып келді. Соның бірі де бірегейі Е.А.Бөкетов ашқан бүгінгі сол кісінің атымен аталатын Қарағанды Ұлттық Зерттеу Университеті. Бүкіл аймақтан жиналған өз істерінің үздіктері бұл жолда аянбай еңбек етті.

Қарағанды қаласының қазақ еліне қосқан ғылым мен білім саласындағы қосқан үлесі шектеусіз. Соның ішінде тек ауыр өнеркәсіпке ғана бағытталған салаларды ғана емес, әлемдік ғылыми орта мойындаған ірі тұлғалар қызмет етіп, білім алған орта, болашақта Қазақстанның «екінші университеті» атағына ие болады.

Ебіней Арыстанұлы Бөкетов(1925-1983)- академик, химик-металлург, профессор, Қарағанды Зерттеу Университетінің(2024 жылы Зерттеу атағы берілді, бұрынғы атауы Қарағанды Мемлекеттік Университеті) ректоры, техника ғылымдарының докторы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі. Қарағанды 1952 жылы, бұрынғы Мұғалімдер институтын Педагогикалық институт болып қайта құрғаннан кейін, Ебіней Арыстанұлы Бөкетов 1972

жылы Қарағанды Мемлекеттік Университеті етіп қайта құрды. Қарағанды ғылымының негізін салуға, Қарағанды қаласына көптеген ғылым ардагерлерінің келуіне және оның дамуына үлкен үлес қосты. Осы кезде-ақ, Қарағанды Мемлекеттік Университетінің басшылығында жүрген көптеген ғылым майталмандарын Университеттің оқытушылық- профессорлық құрамына қосып, сол кездегі ғылым орталықтары болған қалалардан шақырған болатын. Соның бір мысалы- Темірғали Әбілдаұлы Көкетай.

Темірғали Әбілдаұлы Көкетай- ғалым, Қарағанды Е.А.Бөкетов атындағы Мемлекеттік Университетінің профессоры, «Техника, физика және экология» институтының директоры. Жапондардың ұсынысымен 1999 жылы Кембридждегі Халықаралық Биографиялық орталық ол кісіге «Ғасыр адамы» атағын берген болатын. 1964 жылы Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогика институтының физика-математика факультетін тәмамдап, Эстонияның Тарту мемлекеттік университетіне жол тартады. 1970 жылы докторлық диссертациялар қорғайтын маманданған ғылыми кеңесте «Мыс және күміс иондарының сіл- тілі-галоидтік кристалдардағы люминесценция орталықтарының табиғаты» туралы кандидаттық диссертациясын қорғады. Физиканың заңы бойынша 180 градусқа дейін қыздырылған қандай болсын қатты дене сыртқа жарық бермейді. Т.Көкетаев суық жарықты ойлап тапты. Дене қызбай-ақ сыртқа жарық шығарады. 2006 жылы Англияның Оксфорд университетінде лекция оқиды.

Екі ұлы адамның байланысы тығыз болды. Себебі, Қарағанды Университетінің дамуы үшін осындай кадрларды жинау негізгі мақсаттардың бірі болды.



1-сурет



2-сурет



3-сурет



4-сурет

Достық пен жұмыс арасындағы шекті біліп, тек қана достық шеңберінде ғана емес, ғылыми маман ретіндегі басты мақсаттары ғылым ордасын дамыту болды. Е.А.Бөкетовтың ұлылығы туралы қысқаша ғана: «Өттең ақын емеспін, Евней-дастан жазар едім, сазгер емеспін, сенің жүріс-тұрысыңды, іс-әрекетінді әуенге салар едім, суретші емеспін, жаздай жадыраңқы дидарыңды жанды бейнедей салып шығар едім, жаратылыс, тылсым құпиясының қойнауына үңіліп, талпынып жүрген бір пендемін.» [1, 278]

«Әлі есімде, 1974 жылдың көктемі еді. Жаңа лаборатория құрып, оның жұмыс тәртібімен, құрал-жабдықтардың қызметімен ректорымызды таныстырдық. Ықылас қоя тыңдап, тиісті жерінде сұрап дегендей Евекең риза болды. Бір кезде Евекең маған қарап:

– Теме (марқұм ақырына дейін осы Темекеңнен жаңылмай кетті. – Т.Қ.) сен осы ылғи оқу лабораториясы, оқу жұмысы дейсің. Ал енді ғылыми-зерттеу жұмысыңды жалғастыратын лабораторияңды көрсетші. Ол туралы әлі ештеңе айтқан жоқсың, – деді.

– Евеке-ау, қазір ғылыми жұмыс туралы ойланатын жағдай бар ма? Әуелі оқу процесін қамтамасыз етіп алайық. Ғылымды содан кейін мықтармыз, – деп ақтала жауап бердім. Евекең сабырлы кейіпте, әр сөзін шегелей сөйледі.

– Міне, сенің кемшілігің осы. Республикалық екінші университет текке ашылмады. Еліміздің қажеті үшін осы заманғы өскелең талапқа сай жан-жақты, жарасымды қалыптасқан маман даярлау үшін оқу процесімен қатар жүретін ғылыми-зерттеу лабораториясы да болуы әбден қажет. Кафедрадан тәлім алған мамандардың қатты дене физикасының белгілі саласы бойынша алған білімі бүгінгі күнгі зерттеулер деңгейінен көрініп, сол мамандар өз бетімен ғылыми жұмыстар жүргізе алатындай дәрежеге жетсе нұр үстіне нұр емес пе?..

Евекең ерекше шабытпен жігерлене сөйлеп кетті. Оның әр сөзін бағып тұрған біз Евекең тек басшы тұрғысында ғана емес, ғылымның жанашыры, жастардың қамқор тәрбиешісі ретінде талап қойғандығын аңғарған едік.

– Міне, дәл осындай мамандар даярлау біздің парызымыз. Әрбір студент міндетті оқу жоспары бойынша жұмыс істеумен қатар, ғылыми лабораторияның да белсенді мүшесі бола білсе қандай жақсы. Сонда ғана біз өз жұмысымыздан қанағат табуға тиіспіз. Және бір айтарым, сен өзің де жассың. Ғылыми жұмысыңды күн сайын дамытып отырмасаң, тез қарайып қаласың. Ал ғылыми жұмыспен айналыспайтын бойкүйез, жалқау ғалымның біздің университет үшін қажеті жоқ – деп айтпақ деген ойын бір-ақ түйді.

Үлкен ғалым-ағаның ақыл-кеңесі мен табанды көмегі арқасында ғылыми лаборатория пайда болып еді. Евекең аманатты біршама орындалғандай болды. Сол лабораторияда атқарылған ғылыми-зерттеу ізденістер нәтижесінде 14 шәкіртіміз диссертация қорғап ғылым кандидаты дәрежесін алды. Осы жолдардың авторы да ғылым өрінде біраз баспалдақтардан өтті.» [1, 282] 1974 жылғы естелікте ректор Евекеңнің оқу процесін ғылымнан ажырата қарастыруға болмайтыны жөнінде айтқан ойлары ерекше мәнге ие. Ол ғылыми-зерттеу лабораториясыңыз оқу ордасының толыққанды жұмыс істей алмайтынын, тек дәріс тыңдаған студент емес, зерттеу жүргізген студент қана шынайы маман болып қалыптасатынын қадап көрсетеді. Нәтижесінде, сол лабораторияда оннан аса шәкірт ғылым кандидаты атанып, ғылыми дәстүр жалғасты. Бұл мысал – білім беру ісі ғылыммен ұштасқанда ғана өзінің жемісін беретініне нақты дәлел. Демек, оқу мен ғылымның бірлігін қамтамасыз ету – кез келген кезеңдегі ұлттық дамудың басты шарты екендігін түсінеміз.

Ғалым естелігінде ғылымның қоғам болашағындағы шешуші орны айқын көрсетіледі. Іргелі ғылымдардың проблемалық мәселелерін шешетін мамандарды дайындау ісі ең алдымен университеттерден бастау алуы тиіс екендігі ерекше атап өтіледі. Бұл жерде басты назар – дарынды жас талапкерлер мен тәжірибелі ғалымдар арасындағы жанды қарым- қатынасқа аударылады. Өйткені шәкірт пен ұстаз арасындағы осындай ынтымақты байланыс жас зерттеушінің шығармашылық қабілетін ұштап қана қоймайды, сонымен қатар ғалымның да тоқырап қалмай, үнемі ізденіс үстінде болуына жағдай жасайды. Демек, ғылымдағы ұрпақтар сабақтастығы – білім беру жүйесінің ғана емес, бүкіл қоғамның дамуы үшін қажетті тарихи заңдылық: «Біз ғылыми қызметкерлер дайындау ісін жылдан-жылға нығайта түсуіміз керек. Қоғамның болашағы-ғылым мен ғылыми қызметкерлердің жемісті еңбегіне байланысты болмақ. Іргелі ғылымдарда өзекті проблемалық мәселелерді шұғыл қарап, терең үңіле, шеше білетін мамандарды негізінен университеттер шығарып отыруы тиіс. Дарынды жас талапкерлер мен тәжірибелі ғалымдар арасында тікелей қарым-қатынас болуы тиіс. Мұндай жанды байланыс, екі жақты ынта-ықылас болмайынша жас талапкерлердің бойындағы талап шоғы жалындап жанбайды, зерттеушілік мол тәжірибесі бар ұстаз-ғалым да өзінен-өзі тоқырап қалуы мүмкін» [1, 285]

Темірғали Көкетайдың үлкен өмірдегі тәрбие мен білім алуына, кейінгі өзінің ұстаздық жолындағы ұстазы Е.А.Бөкетовтың әсері өте зор. Темірғали Көкетай- әлемдік тұлға. Ал осындай әлемдік деңгейдегі тұлғаға әсер беріп, қолдап, қолпаштап жүрген өзінің рухани ұстазы еді. Темірғали Көкетайдың өз ісіндегі үздігі болуы, тікелей ұстазының ықпалы. Ебіней Арыстанұлының ғылым жағындағы үздіктерін біліп, ол кісінің ұстаздық тұлғасын зерттеу, қазіргі маңызды мәселелердің бірі: «Ендігі парызымыз- Евней Арыстанұлы Бөкетовтың азаматтығы мен адамгершілігі, көсемдігі мен шешендігі, ғалымдығы мен ұстаздығы, абзалдығы мен аталығы туралы деректерді зерделеп өшпей тұрғанда қағазға түсіріп қалдыру» [1, 278]

Суреттегілер:

1. Қарағанды Мемлекеттік Университетінің(қазіргі Қарағанды Ұлттық Зерттеу Университеті) салыну сәтінен. Солдан оңға қарай екінші- Е.А.Бөкетов. Артқы екінші қатарда-Т.Ә.Көкетай. Т.Ә.Көкетайдың жеке қорынан.

2. Қарқаралы. 1978. Артқы қатарда, сол жақта тұрып тұрған Т.Ә.Көкетай. Бірінші қатарда, оңнан солға қарай үшінші отырған Е.А.Бөкетов. Т.Ә.Көкетайдың жеке қорынан.

3. Қарқаралы. 1978. Солдан оңға қарай бесінші- Т.Ә.Көкетай. Солдан оңға қарай тоғызыншы-Е.А.Бөкетов. Т.Ә.Көкетайдың жеке қорынан.

4. Қарқаралы. 1978. Оңнан солға қарай бірінші- Т.Ә.Көкетай. Оңнан солға қарай үшінші- Е.А.Бөкетов. Т.Ә.Көкетайдың жеке қорынан.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Қыры-ғылым, өрі-өлең. Евней Бөкетов туралы естеліктер. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001. 347 б.